

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын (түбірімен босатылатын сүрек үшін белгіленетін ставкаларды қоспағанда) бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 7-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 сәуірде № 3269 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2014 жылғы 28 наурыздағы № 16-16 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 28.03.2014 № 16-16 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексі), Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне, 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып және Батыс Қазақстан облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясымен келісе отырып, Батыс Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органы жасаған есептеулер негізінде облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкалары (түбірімен босатылатын сүрек үшін белгіленетін ставкаларды қоспағанда) бекітілсін:

- 1) қосалқы ағаш ресурстарын дайындау үшін (1 қосымша);
- 2) орманды жанама пайдалану үшін (2 қосымша);
- 3) мемлекеттік орман қоры учаскелерін мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік спорттық және ғылыми-зерттеу мақсаттары үшін пайдалану (3 қосымша);
- 4) аңшылық шаруашылығы қажеттері үшін пайдалану (4 қосымша).

2. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының "Мемлекеттік орман қоры телімдеріндегі орманды пайдаланғаны үшін төлемдер мөлшері туралы" 2009 жылғы 11 ақпандағы № 11-15 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3022 тіркелген, 2009 жылғы 3 наурызда "Орал өңірі" газетінің № 24 жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология, табиғи және техногендік үрдістер бойынша тұрақты комиссияға жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

Б. Мырзахметов

М. Құлшар

2013 жылғы 28 наурыздағы № 7-3
Батыс Қазақстан облыстық
мәслихаттың шешімімен
бекітілген
1 қосымша

Қосалқы ағаш ресурстарын дайындау үшін төлемақы ставкалары

Атауы	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкасының есептеулері
Қабығы	1 тонна	Емен 0,41АЕК x 0,10% Терек 0,11 АЕК x 0,10%
Бұтақтары	1 тонна	Емен 0,41АЕК x 0,20% Қайың 0,16 АЕК x 0,20%
Тамыры	1 тонна	Терек 0,11 АЕК x 0,30%
Жапырақтары	1 тонна	Терек 0,11 АЕК x 0,15%
Бұршіктері	1 кг	Қайың 0,16 АЕК x 0,10%
Түбірі	1 тонна	Терек 0,11 АЕК x 0,05%

2013 жылғы 28 наурыздағы № 7-3
Батыс Қазақстан облыстық
мәслихаттың шешімімен
бекітілген
2 қосымша

Орманды жанама пайдалану үшін төлемақы ставкасы

Атауы	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкасы (теңге)
Шөп шабу, мал жаю	1 гектар	1 775
Ара ұялары мен омарта орналастыру	1 дана	1 775
Бақша шаруашылығы және басқа да ауыл шаруашылық дақылдарын өсіру	1 гектар	3,47
Дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізаттар	1 кг	шөптер, гүлдер, жапырақтар, сабақтар және бұтақтар, жеміс-жидектер: 1 800 бұршіктері: 1 600
Саңырауқұлақтар	1 кг	180
	1 кг	200 жемістер:

Жидектер және басқа да тағамдық өнімдер	1 кг	дәнділер – 150 сүйектілер – 250
Мүк, орман төсемдері мен түскен жапырақтар, қамыс	1 кг	40

2013 жылғы 28 наурыздағы № 7-3
Батыс Қазақстан облыстық
мәслихаттың шешімімен
бекітілген
3 қосымша

**Мемлекеттік орман қоры учаскелерін
мәдени-сауықтыру, рекреациялық,
туристік және спорт, ғылыми-зерттеу
мақсаттары үшін пайдалану
төлемақы ставкалары**

Атауы	Өлшем бірлігі		Төлемақы ставкасы	
	қысқа мерзімде пайдалану	ұзақ мерзімде пайдалану	қысқа мерзімде пайдалану (АЕК)	ұзақ мерзімде пайдалану (теңге)
Мемлекеттік орман қоры учаскелерін рекреациялық, туристік және спорттық мақсаттары үшін пайдалану	1 күн	1 гектар	0,1	4128
Ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану	1 күн	1 гектар	0,1	986

2013 жылғы 28 наурыздағы № 7-3
Батыс Қазақстан облыстық
мәслихаттың шешімімен
бекітілген
4 қосымша

**Аңшылық шаруашылығы қажеттері үшін пайдалану
төлемақы ставкасы**

Атауы	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкасы (теңге)
Аңшылық шаруашылығы қажеттері үшін	1 гектар	0

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

кг – килограмм;

АЕК – айлық есептік көрсеткіш.